

Элективті пәндер каталогы

6B01 - Педагогикалық ғылымдар
(Білім беру саласының жіктелуі және коды)

6B015 - Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау
(Даярлау бағытының жіктелуі және коды)

0114

(Халықаралық стандарттық білім беру жіктеуішіндегі код)

B009 - Математика мұғалімдерін даярлау
(Білім беру бағдарламасы тобының жіктелуі және коды)

6B01502 - Математика-Информатика
(Білім беру бағдарламасының коды және атауы)

бакалавр
(дайындық деңгейі)

Оқуға түскен жылы 2023 жыл

Әзірленді

БББ академиялық комитеті
АК жетекшісі Мукаев Ж.Т.
БББ менеджері Сагитова Ш. Г.

ҚАРАСТЫРЫЛДЫ

Жаратылыстану-математика факультетінің сапасын
қамтамасыз ету жөніндегі комиссия отырысында
Университеттің Академиялық кеңесінде бекітуге ұсынылды
2023 жылғы «04» сәуір №4.1 хаттама
Комиссия төрағасы Желдыбаева Б.С.

БЕКІТІЛДІ

Университеттің Академиялық кеңесінің отырысында
2023 жылғы «21» сәуірінде № 5 хаттама
Академиялық кеңесінің төрағасы Оралканова И.А.

Білім берудегі менеджмент

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	4
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Менеджменттің жалпы ұғымдарын, оның функциялары мен басқару теориясы мен практикасын дамытудың тарихи аспектілерін, ұйымдастырушылық құрылымдардағы көшбасшы тұлғасының орны мен рөлін зерттеу. Педагогикалық менеджменттің жалпы сипаттамасын қарастыру; педагогикалық менеджменттің негізгі ұғымдары, мақсаттары, міндеттері, функциялары мен принциптерін айқындау. Педагогикалық менеджмент әдістері: экономикалық, ұйымдастырушылық-басқарушылық, психологиялық-педагогикалық әсерін талдау. Педагогикалық менеджменттің тиімділігін анықтайтын факторлар; педагогикалық менеджмент субъектілері қызметінің нәтижелері және оларды бағалауды қарастырады.

Пәнді оқыту мақсаты

Пәнді игерудің негізгі мақсаты студенттердің білім беру жүйесінің құрылымындағы менеджменттің теориялық негіздерін зерттеу болып табылады. Пәнді оқу білім алушының білім беру саласындағы басқарудың негізгі қағидаттарын, әдістері мен тетіктерін пайдалану дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді, бұл өз кезегінде болашақ педагогтардың кәсіби қасиеттерін арттыруға мүмкіндік береді және оларға кәсіби өсуге көмектеседі.

Оқыту нәтижелері

ON10 Меңгерілген материалдар бойынша қорытынды жасау және көшбасшылық қасиеттерді айқындай отырып, кәсіби өзін-өзі жетілдіруге ұмтылысын көрсету.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

кәсіби-педагогикалық қызметті нормативтік-құқықтық негізде ұйымдастыруға қабілетті;
кәсіби-педагогикалық қызмет барысында туындайтын проблемалардың мәнін анықтай алады;

Пререквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

Постреквизиттер

Дипломалды практика

Дипломалды практика

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	4
Академиялық кредит саны	15
Білімді бақылау нысаны	Практика бойынша қорытынды баға

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Іс-тәжірибенің осы түрі барысында білім алушы зерттеу тақырыбы бойынша материалды жүйелеуді жүргізеді. Өзінің зерттеу қызметінің нәтижелерін талдауды және оларды өндірістік процеске енгізуді, нәтижелерді тақырып бойынша зерттеу мақалалары мен баяндамалар түрінде тұжырымдауды үйренеді. Сондай-ақ, ол белгіленген нормалар мен нормативтік бақылаудан, алдын ала қорғаудан және плагиатқа қарсы жұмысты дайындау ережелеріне сәйкес жұмысты рәсімдеуде білікті көмек алады.

Пәнді оқыту мақсаты

Білім алушының ғылыми-әдістемелік зерттеу жұмыстарымен айналысу дағдысын қалыптастыру және бекіту, дипломдық жұмысты (жобаны) жазуды аяқтау.

Оқыту нәтижелері

ON8 Математика мен информатиканың классикалық бөлімдері саласында эксперименттер жүргізу және жобалау.

ON9 Статистикалық және қолданбалы математикалық әдістер көмегімен туындаған мәселелерді тұжырымдау және талдау.

ON10 Меңгерілген материалдар бойынша қорытынды жасау және көшбасшылық қасиеттерді айқындай отырып, кәсіби өзін-өзі жетілдіруге ұмтылысын көрсету.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- дипломдық жұмыс (жоба) тақырыбы бойынша іс-тәжірибелік материалдарды өңдеу және қорыту;
- дипломдық зерттеу тақырыбы бойынша статистикалық деректер мен тәжірибелік материалдарды талдау;
- дипломдық жұмыс (жоба) тақырыбы бойынша қорытындылар, заңдылықтар, ұсыныстар мен өтініштер нәтижелерін тұжырымдау;
- белгіленген талаптарға сәйкес дипломдық жұмысты (жобаны) рәсімдеу.

Пререквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

Постреквизиттер

Қорытынды аттестаттау

Өндірістік (педагогикалық)

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	4
Академиялық кредит саны	15
Білімді бақылау нысаны	Практика бойынша қорытынды баға

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Практиканың осы түрі барысында білім алушылар бейіндік цикл пәндері бойынша алған білімдерін қолдануды үйренеді. Тәжірибе барысында мектеп бағдарламасының ерекшеліктерімен тығыз танысып, оқу үрдісін сүйемелдейтін барлық қажетті құжаттармен жұмыс істейді. Оқу үрдісінен басқа іс-тәжірибе тәрбие жұмысын жүзеге асыруды да көздейді, жалпы білім беретін мектеп оқушыларының жас ерекшеліктеріне қарай оқытудың заманауи технологияларын білікті түрде қолдануға үйретеді.

Пәнді оқыту мақсаты

Кәсіби құзыреттерді бекіту, кәсіби қызметтің іскерлік дағдылары мен тәжірибесін меңгеру.

Оқыту нәтижелері

ON8 Математика мен информатиканың классикалық бөлімдері саласында эксперименттер жүргізу және жобалау.

ON9 Статистикалық және қолданбалы математикалық әдістер көмегімен туындаған мәселелерді тұжырымдау және талдау.

ON10 Меңгерілген материалдар бойынша қорытынды жасау және көшбасшылық қасиеттерді айқындай отырып, кәсіби өзін-өзі жетілдіруге ұмтылысын көрсету.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- тәжірибелік қызметте теориялық білімді пайдалану дағдыларын меңгеру;
- инновациялық технологияларды, еңбек пен өндірістің озық әдістерін меңгеру;
- өз қызметін өз бетінше жоспарлау, әріптестермен пайдалы байланыстар орнату, рөлдік кәсіби позицияны анықтау, жауапкершілік сезімін қалыптастыру дағдыларын меңгеру;

Пререквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

Постреквизиттер

Қорытынды аттестаттау

Алгебра және сандар теориясы

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Осы пәнді оқу кезінде студенттер екінші және жоғары ретті анықтаушылар, матрицалар теориясының элементтері сияқты тақырыптарды игереді, олар практикалық сипаттағы есептерде кеңінен қолданылады, Крамер, Гаусс, Джордано-Гаусс әдістерін қолданады. Сонымен қатар курс барысында негізгі алгебралық құрылымдар қарастырылады: топтар, сақиналар, өрістер, алгебралар. Осы бөлімдерді игеру барысында білім алушылар қолданбалы математикалық бағдарламаларды белсенді қолдану дағдыларын қалыптастырады.

Пәнді оқыту мақсаты

Болашақ ұстаздарды алгебра және сандар теориясының негізгі бөлімдерімен таныстыру.

Оқыту нәтижелері

ON3 Қазіргі математиканың іргелі білімін адамзат қызметінің әртүрлі салаларында практикалық мәселелерді шешуде қолдану. Нәтижелерді түсіндіру, мәселені шешудің одан әрі барысы туралы гипотезалар құру.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- матрицалар мен анықтауыштар теориясының негізгі ұғымдары мен теоремаларын білу, сызықтық теңдеулер жүйесін шешу әдістерін қолдану;
- векторлық талдау мен координаттар әдісінің негізгі принциптерін білу және қолдану, сызықтық кеңістіктер мен сызықтық операторлар теориясының элементтерін қолдану;
- жиындарға, комплекс сандарға амалдар қолдану;
- қолданбалы есептерді шешу үшін сызықтық кеңістік теориясы мен сызықтық операторлардың аппаратын қолдану;
- заманауи математикалық құралдарды қолдану

Пререквизиттер

Элементар математика

Постреквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

Векторлық және евклид кеңістіктері

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Негізгі мақсат - оқушыларға геометриялық аппаратты тек үш өлшемді кеңістікте ғана емес, сонымен қатар n - өлшемді кеңістікте де еркін қолдануға үйрету. Курс барысында кеңістіктің базисі мен өлшемі, векторлық кеңістіктің изоморфизмі және т. б. сияқты негізгі сипаттамалары келтірілген. Евклид кеңістігіндегі скаляр көбейтінді, ортогональды базис, ортогональды проекция қарастырылады. Екінші реттік гипербеттердің Аффиндік классификациясымен танысады.

Пәнді оқыту мақсаты

Логикалық ойлауды дамыту, логикалық ойлау тізбегін құруға үйрету, оның басында күмән тудыратын фактілер мен позициялар, соңында дұрыс тұжырымдау.

Оқыту нәтижелері

ON3 Қазіргі математиканың іргелі білімін адамзат қызметінің әртүрлі салаларында практикалық мәселелерді шешуде қолдану. Нәтижелерді түсіндіру, мәселені шешудің одан әрі барысы туралы гипотезалар құру.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- ойлау мәдениетіне ие, ақпаратты жалпылауға, талдауға, қабылдауға, мақсат қоюға және оған қол жеткізу жолдарын таңдауға қабілетті;
- ауызша және жазбаша сөйлеуді логикалық дұрыс, дәлелді және нақты құру;
- түрлі білім беру мекемелерінде базалық және элективті курстардың оқу бағдарламаларын іске асыруға қабілетті.

Пререквизиттер

Элементар математика

Постреквизиттер

Сызықтық алгебра

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Мектеп бағдарламасының математика курсына толық меңгерген білім алушыларға негізделіп құрылған. Пәнді оқу нәтижесі математикалық логика және дискретті математика, программалау тілдері сияқты пәндерге негіз бола алады. Сызықтық алгебра ұғымы мен есептерді шешу әдістерімен таныстырылады. Алгебраның негізгі ұғымдарымен таныстыру, сызықтық кеңістік ұғымы, ондағы сызықтық тәуелсіздік пен сызықтық тәуелділік, өлшем, базис, ранг ұғымдарымен қоса, көпмүшелер сақинасында кездесетін сызықтық алгебра есептерін шығаруға үйретеді.

Пәнді оқыту мақсаты

Осы курстың мақсаты білім алушыға оның логикалық ойлауын дамыту және басқа пәндерді оқу және мамандық бойынша кейінгі жұмыс үшін қажетті математикалық мәдениетке қол жеткізу үшін белгілі мәліметтер қорын (анықтамалар, формулалар, теоремалар, олардың арасындағы байланыстар және есептерді шешу әдістері) хабарлау болып табылады.

Есептердің үлгісін жасауға, оны талдауға және қажет болса компьютерлік техникамен шешуге көмегін тигізетін математикалық аппаратты меңгеру;

Студенттердің маман ретінде болашақ қызметінде орын алатын әртүрлі үрдістер мен құбылыстарды үйренуге және болжам жасауға мүмкіндік беретін математикалық әдістемелерді меңгеруге жәрдемін тигізу.

Оқыту нәтижелері

ON3 Қазіргі математиканың іргелі білімін адамзат қызметінің әртүрлі салаларында практикалық мәселелерді шешуде қолдану. Нәтижелерді түсіндіру, мәселені шешудің одан әрі барысы туралы гипотезалар құру.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- курста қарастырылатын теоремаларды, дәлелдеу, формулаларды қорыту, ұсынылған әдебиеттерді пайдалану, математикалық ұғымдарды формальді тіл арқылы сипаттау, алған білімдерін математиканың басқа салаларында: теориялық информатика, жасанды ақыл – ой теориясында, логикалық бағдарламалауда және т.б. қолдану.

- студент қарапайым сандық әдістерді жетік біліп, оны есептеу машиналарында іске асыру деңгейіне жету дағдысының болуы;

- негізгі ұғымдарды, анықтамалар мен формулаларды, есептерді шешудің негізгі әдістерін білу, мәселені шешудің одан әрі барысы туралы гипотезалар құру;

- сызықтық теңдеулер жүйесін шешу үшін Крамер әдісін, кері матрица әдісін, Гаусс әдісін қолдану;

- векторлармен сызықтық әрекеттер жасау, вектордың базисі бойынша жіктелуін табу;

- геометриялық есептерді шешуде векторлық есептеулерді қолдану, 2-ші ретті қисықтарды олардың канондық теңдеулері бойынша зерттеу.

Пререквизиттер

Элементар математика

Постреквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

Еселі интегралдар

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Студент интегралдық есептеу туралы, атап айтқанда бірнеше айнымалы функцияның интегралдық есебі туралы білімдерін кеңейтеді. Қос интеграл арқылы кеңістіктегі дене көлемін, үш еселі интеграл арқылы дене массасын, беттік интегралдар арқылы кеңістіктегі бет ауданын, қисық сызықты интеграл арқылы доғаның массасын табу дағдыларын алады. Одан әрі білім алушы еселі интегралдар бойынша алған білімдерін векторлық талдау теориясында қолданады.

Пәнді оқыту мақсаты

Білім алушыларға еселі интегралдар, оларды есептеу әдістері және еселі интегралдардың қолданысы туралы ақпарат беру;

Математикалық білімді өз бетінше кеңейтуге және қолданбалы есептерге математикалық талдау жүргізуге мүмкіндік беретін жеткілікті жоғары математикалық мәдениетті тәрбиелеу.

Оқыту нәтижелері

ON4 Жоғары математиканың теориялық және әдістемелік курсының есептерін талдау және шешу, қазіргі мектеп жағдайында сабақ өткізу барысында әртүрлі әдістемемен тәсілдерді қолданып, педагогика саласындағы негізгі білімдерін көрсету.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- еселі (екі және үш еселі) интегралдардың анықтамаларын, негізгі қасиеттерін, есептеу ережелерін, еселі интегралдардағы айнымалыларды ауыстыру формуласын, еселі интегралдардың негізгі физикалық және геометриялық қолданысын білу;

- еселі интегралдарды тиісті қайталамалы интегралдарға келтіру арқылы есептей білу, полярлық координаталарға көшу арқылы қос интегралдарды есептеу, цилиндрлік және сфералық координаталарға көшу арқылы үш еселі интегралдарды есептеу;

- материалдық денелер мен жазық фигуралардың ауданын, көлемін, массасын, инерция моменттерін, статикалық моменттерін және масса центрінің координаттарын есептеуге еселі интегралдарды қолдану.

Пререквизиттер

Математикалық анализ 2

Постреквизиттер

Дифференциалдық теңдеулер

Математикалық анализ 3

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән қатарлар теориясы, еселі интегралдар және олардың қолданысын оқытуға арналған. Пәнді оқыту үрдісінде білім алушылар сан қатары, оларды жинақтылыққа зерттеу белгілері, функциялық қатарлардың жинақтылық облысын анықтау, қатарлардың шек есептеудегі, кейбір интегралдардың мәнін есептеуде, жуықтап есептеулердегі қолданысын меңгереді. Екі және үш еселі интегралдарды есептеу тәсілдерін үйреніп, жазықтықта және кеңістікте берілген интегралдау облысы бойынша сызбасын салу арқылы графикалық сауаттылықтары қалыптасады.

Пәнді оқыту мақсаты

Білім алушыларға сандық қатарлар, функциялық қатарлар, еселі интегралдар туралы теориялық білім беріп, қатарды жинақтылыққа зерттеу, еселі интегралдарды есептеу тәсілдері мен қолданысын үйрету; студенттердің математикалық мәдениетін, математикалық анализ облысында іргелі дайындығын қалыптастыру.

Оқыту нәтижелері

ON4 Жоғары математиканың теориялық және әдістемелік курсының есептерін талдау және шешу, қазіргі мектеп жағдайында сабақ өткізу барысында әртүрлі әдістемемен тәсілдерді қолданып, педагогика саласындағы негізгі білімдерін көрсету.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- сандық және функциялық қатарды жинақтылыққа зерттеу әдістерін меңгеру;
- қатарлар теориясын шек есептеуде, жуықтап есептеулерде, интегралдарды есептеуде қолдана білу;
- еселі интегралдарды полярлық, цилиндрлік, сфералық координаталар жүйесінде есептей білу.

Пререквизиттер

Математикалық анализ 2

Постреквизиттер

Дифференциалдық теңдеулер

Көп айнымалы функциялар теориясы

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Бұл курс бірнеше айнымалылардың функцияларын зерттеуге арналған. Осы курсты оқу барысында студенттер анықталу облысы мен мәндер жиыны сияқты негізгі ұғымдардан басқа, шектер теориясының ерекшеліктерімен, сондай-ақ осындай функциялардың дифференциалдық есептеулерімен танысады. Көп айнымалы функцияның экстремумдарын қарастырады. Бұл курста қолданбалы сипаттағы есептерге көп айнымалылар функцияларын қолдануға ерекше назар аударылады.

Пәнді оқыту мақсаты

Функциялар теориясының заманауи әдістері туралы жүйелі білімді қалыптастыру,

Оқыту нәтижелері

ON4 Жоғары математиканың теориялық және әдістемелік курсының есептерін талдау және шешу, қазіргі мектеп жағдайында сабақ өткізу барысында әртүрлі әдістемемен тәсілдерді қолданып, педагогика саласындағы негізгі білімдерін көрсету.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- бірнеше айнымалылардың функцияларын құрастырады және оларды зерттейді;
- қолданбалы есептерде Математикалық талдау аппаратын қолданады;
- алынған нәтижелерді түсіндіреді.

Пререквизиттер

Математикалық анализ 2

Постреквизиттер

Дифференциалдық теңдеулер

Экономика және физика есептеріндегі дифференциалдық және интегралдық есептеулер

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Дифференциалды және интегралды есептеу экономика мен жаратылыстану ғылымдарында жүретін процестерді модельдеу мен зерттеудегі бай математикалық аппаратты көрсетеді. Бұл пәнді оқу үрдісінде физикада және экономикада болатын түрлі құбылыстар туралы, дифференциалды және интегралды есептеулер саласында да, оның математикалық және нақты ғылымдар жүйесіндегі рөлі, экономикалық және физикалық қолданыстары туралы жүйелі білімдерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Пәнді оқыту мақсаты

Дифференциалдық теңдеулерді шешудің негізгі түсініктері мен әдістерін зерттеу; дифференциалдық теңдеулерді шешу және құрастырудың практикалық дағдыларын қалыптастыру; экономика мен физиканың әртүрлі салаларына теңдеулерді қолдануды зерттеу

Оқыту нәтижелері

ON8 Математика мен информатиканың классикалық бөлімдері саласында эксперименттер жүргізу және жобалау.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- экономика және физиканың қолданбалы есептерін шешуде дифференциалдық және интегралдық есептеулер құралдарын

қолдану дағдысы бар

- дифференциалдық теңдеулерді шешудің жалпы әдістері, Коши есебі туралы түсінігі және дифференциалдық теңдеулер мен жүйелер үшін Коши есептерін шешудің бар болуы мен бірегейлігі теоремасы; қарапайым дифференциалдық теңдеулерді біріктірудің негізгі әдістерін біледі;

- курстың бөлімдері бойынша есептерді шешу, теориялық материалдарды қолдану, кәсіби есептерді шешуге шығармашылықпен қарау, туындаған мәселелерді талдау; тұрақты коэффициенттері бар біртекті емес сызықтық дифференциалдық теңдеудің жеке шешімін табу дағдысы бар

- практикалық есептерді шешудің әдістері мен тәсілдері және бекітулерді дәлелдейді; жұмыс дағдылары және қарапайым дифференциалдық теңдеулер мен жүйелерді қолданумен байланысты оқу және ғылыми әдебиеттің бөлімдерін түсінуге дайын

Пререквизиттер

Математикалық анализ 3 Математикалық анализ 1 Математикалық анализ 2

Постреквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

Дифференциалдық теңдеулер

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Бұл курста функцияны, оның туындыларын және тәуелсіз айнымалыны байланыстыратын қатынастар, дифференциалдық теңдеулердің әртүрлі есептерді шешуде қолданысы қарастырылады. Пәнді оқу барысында студенттерге теориялық және практикалық есептерді шешуге қажетті қарапайым дифференциалдық теңдеулер теориясының математикалық аппараты беріледі, сондай-ақ шешілетін есептерді математикалық дұрыс тұжырымдауға және олардың шешімдерін табуға мүмкіндік беретін логикалық ойлауды дамыту меңгеріледі

Пәнді оқыту мақсаты

Дифференциалдық теңдеулер теориясының негізгі ұғымдарын зерттеу және пән тақырыптары бойынша практикалық есептерді шешудің негізгі тәсілдерін меңгеру болып табылады.

Оқыту нәтижелері

ON8 Математика мен информатиканың классикалық бөлімдері саласында эксперименттер жүргізу және жобалау.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- дифференциалдық теңдеулер теориясының негізгі ұғымдары; әлемнің жаратылыстану-ғылыми көрінісін математикалық сипаттау құралы ретінде дифференциалдық теңдеулерді қолдану саласы; қарапайым дифференциалдық теңдеулердің негізгі кластары және оларды шешу әдістері.

- дифференциалдық теңдеулерді жіктеу және осы теңдеулерді шешу үшін қажетті әдістерді қолдану.

- білім саласының кәсіби тілін; дифференциалдық теңдеулерді шешудің негізгі әдістерін; дифференциалдық теңдеулердің көмегімен әртүрлі табиғат құбылыстарының математикалық модельдерін құру және шешу тәсілдерін; алған білімдерін тәжірибеде қолдану.

Пререквизиттер

Математикалық анализ 3 Математикалық анализ 1 Математикалық анализ 2

Постреквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

Мектеп геометриясының стандарт емес есептері

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Бұл пән мектептен тыс геометрия бағдарламасының мәселелерімен танысуды қарастырады. Пәнді оқу барысында жалпы интеллектуалды дамуға ықпал ететін логикалық ойлауға байланысты геометриялық есептер қарастырылып талқыланады. Пән тақырыптарының мазмұны әріқарай қолдануға жарамды математикалық терминдерді игеруге, геометриядан күрделі есептерді шешуге және білім алушыларға түрлі конкурстар мен олимпиадаларға қатысуға көмектесетін мәселелерді шешуге бағытталып құрылған

Пәнді оқыту мақсаты

Студенттердің кеңістіктік түсініктерін, бейнелі ойлауын, бейнелеу графикалық біліктерін, конструктивтік іс-әрекет тәсілдерін, математикалық есептерді шешуде қиындықтарды жеңе білуін дамытуға бағытталған зияткерлік-практикалық және зерттеу қызметін ұйымдастыру; логикалық және абстрактілі ойлауды қалыптастыру

Оқыту нәтижелері

ON8 Математика мен информатиканың классикалық бөлімдері саласында эксперименттер жүргізу және жобалау.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- геометрия бойынша стандартты емес есептерді шешу үшін әр түрлі әрекет әдістерін біледі;

- нақты тапсырманы орындау үшін ыңғайлы тәсілдерді таңдайды; проблемалық мәселелерді талқылау; өз пікірін айтады және оны дәлелдей алады;

- стандартты емес есептерді шешу әдістерін біледі, геометриялық тұжырымдарды дәлелдейді

Пререквизиттер

Элементар математика

Постреквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

Математикалық логика

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Осы курсты оқу барысында тыңдаушылар гипотезаларды тұжырымдауды, логикалық тұжырымдар жасауды ғана емес, сонымен қатар мәлімдемелер логикасының заңдылықтары мен формулалары негізінде логикалық ойлаудың дұрыстығын тексеруді және бағалауды үйренеді. Сонымен қатар, курс функционалды элементтердің схемаларын өңдеуге және жеңілдетуге мүмкіндік беретін логикалық функциялар мен жұмыс істеу дағдыларын береді. Сондай-ақ курс тыңдаушыларды кодтау теориясының элементтерімен таныстырады.

Пәнді оқыту мақсаты

Білім алушыларда ғылым жүйесіндегі математикалық логиканың рөлі мен орны туралы нақты түсінік қалыптастыру. Математикалық пайымдау логикасы заңдарының әмбебаптығымен таныстыру. Абстрактілі ойлауды, жалпы математикалық және ақпараттық мәдениетті дамыту.

Оқыту нәтижелері

ON5 Оқу үрдісінде пәнішілік және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру, математикалық білімді әртүрлі формада түсіндіру.

ON4 Жоғары математиканың теориялық және әдістемелік курсының есептерін талдау және шешу, қазіргі мектеп жағдайында сабақ өткізу барысында әртүрлі әдістемемен тәсілдерді қолданып, педагогика саласындағы негізгі білімдерін көрсету.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- логикалық сипаттағы есептерді тұжырымдайды және оларды шешу үшін математикалық логика құралдарын қолдану
- тапсырманың қажетті және жеткілікті жағдайларын анықтау және ажырату;
- ақпаратты табиғи тілден логикалық-математикалық тілге және керісінше аудару;
- дәлелдерді логика тұрғысынан дұрыстығын тексеру

Пререквизиттер

Мектеп курсы

Постреквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

Математикалық логика және дискретті математика

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Бұл курс жиындар теориясын, логикалық функцияларды, кодтау мен алгоритмдерді, пікірлер мен предикаттар алгебрасының формулаларын және тавтологияларын зерттеуге, қазіргі математика негіздерін игеруге, формальды аксиоматикалық теорияны меңгеруге, білім алушылардың логикалық ойлау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Логикалық операцияларды, логика алгебрасының формулалары мен заңдылықтарының басқа математикалық пәндерді оқытудағы қолданысын, математикалық логика тілінде әртүрлі есептерді тұжырымдауды қамтиды.

Пәнді оқыту мақсаты

Комбинаторлық және логикалық есептерді шешудің негізгі әдістерін, сондай-ақ алгоритмдер теориясының негіздерін зерттеу

Оқыту нәтижелері

ON5 Оқу үрдісінде пәнішілік және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру, математикалық білімді әртүрлі формада түсіндіру.

ON4 Жоғары математиканың теориялық және әдістемелік курсының есептерін талдау және шешу, қазіргі мектеп жағдайында сабақ өткізу барысында әртүрлі әдістемемен тәсілдерді қолданып, педагогика саласындағы негізгі білімдерін көрсету.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- графиктердің түрлерін анықтайды және олардың сипаттамаларын береді;
- қарапайым автоматтарды құрады
- заманауи бағдарламалау тілдерін қолдана отырып, графтар теориясында қолданылатын стандартты алгоритмдерді қолдана отырып өңдейтін объектілер мен ұғымдардың модельдерін жасайды

Пререквизиттер

Мектеп курсы

Постреквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

Қолданбалы графтар теориясы

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Бұл курс күнделікті өмірде пайдалану үшін графтар теориясының негізгі ұғымдарымен танысуды, графтар теориясының негізгі міндеттерін және оларды шешу әдістерін, графтар құрылымының негізгі сипаттамаларын табуға арналған алгоритмдерді зерттеуді, графтар теориясының негізгі әдістерін үйретеді, қолданбалы есептерді шешу үшін алгоритмдерді тиімді пайдалану, графикалық алгоритмдерді жүзеге асыру үшін заманауи аспаптық және есептеу құралдарын қолдану дағдыларын қалыптастырады.

Пәнді оқыту мақсаты

Студенттерді графтар теориясының әдістеріне оқыту, граф құрылымдардың құрылымдық және сандық сипаттамаларын табу

алгоритмдерін зерттеу; графтар теориясының негізгі ұғымдарымен және математикалық аппаратымен оларды кейіннен пайдалану үшін таныстыру; графтар теориясының негізгі міндеттерін және оларды шешу әдістерін зерттеу

Оқыту нәтижелері

ON5 Оқу үрдісінде пәнішілік және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру, математикалық білімді әртүрлі формада түсіндіру.

ON4 Жоғары математиканың теориялық және әдістемелік курсының есептерін талдау және шешу, қазіргі мектеп жағдайында сабақ өткізу барысында әртүрлі әдістемемен тәсілдерді қолданып, педагогика саласындағы негізгі білімдерін көрсету.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- графтардың негізгі түрлері, олардың өзіне тән ерекшеліктерін, графтар теориясының негізгі ережелері және оның негізгі алгоритмдерін білу; ақпараттық саладағы қолданбалы графтық модельдерін

- қолданбалы есептің сипаттамасын талдау және графтық модельді әзірлеудің орындылығын анықтайды, қолданбалы есептерді сипаттау үшін графтық модельдерді қолдану

- қолданбалы есептерді шешу үшін граф теорияның негізгі алгоритмдерін қолдану

- қолданбалы есептерді шешу кезінде графтық үлгілерді әзірлей алу, графтар теориясының алгоритмдерін бағдарламалау дағдылары бар болу

Пререквизиттер

Мектеп курсы

Постреквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

Мультимедиа өңдеу технологиясы

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пәнді оқу аймағында студенттер мультимедиялық технологиялар саласындағы жалпы ұғымдар мен анықтамалармен, мультимедиялық технологиялардың қолданылу аясымен, даму тарихымен, бағыттарымен және қолданылуымен танысады. Анимацияны құрудың заңдылықтары мен принциптері, хронометраж ережелері, анимация фрагментін ойнату уақытын есептеу, дыбысты қабаттастыру мен бейне, анимация және дыбысты қамтитын мультимедиялық клиптерді құрастыру ережелері оқытылады. Мультимедиялық дизайнның стильдік тұтастығының құралдары қарастырылады.

Пәнді оқыту мақсаты

Мультимедияның даму тарихы, қолданылу саласы туралы теориялық түсініктерін қалыптастыру, мультимедиялық ақпаратты құру және өңдеуде практикалық дағдыларды алу.

Оқыту нәтижелері

ON7 Логикалық аргументтер, гипотезалар мен қатаң дәлелдер құру, заманауи бағдарламалау құралдары мен технологияларын қолдану арқылы бағдарламалық пакеттер мен мәліметтер базасының компоненттерін жасау.

ON4 Жоғары математиканың теориялық және әдістемелік курсының есептерін талдау және шешу, қазіргі мектеп жағдайында сабақ өткізу барысында әртүрлі әдістемемен тәсілдерді қолданып, педагогика саласындағы негізгі білімдерін көрсету.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Мультимедиялық технологиялар саласындағы негізгі ұғымдар мен анықтамалармен жұмыс істеу;
2. Сапалы мультимедиялық контент жасау;
3. Мультимедиялық контентті құруға және өңдеуге бағытталған заманауи құралдармен жұмыс істеу.

Пререквизиттер

Математиканы оқыту теориясы мен әдістемесі

Постреквизиттер

Педагогикалық практика

STEM оқытудың формалары мен әдістері

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән STEM білім берудің әртүрлі нысандары мен әдістерін қолдануда білім мен дағдыларды қалыптастыруға, сондай-ақ оларды қолданудың тиімділігін бағалауға бағытталған. Студенттер STEM аясында негізгі ұғымдарды, оқу мақсаттарын меңгереді. Пәнді оқу барысында студенттер STEM білім беруді жүзеге асыру шеңберінде заманауи білім беру технологияларын қолдануды үйренеді, жобалық жұмысты ұйымдастыру және жүргізу әдістерін меңгереді.

Пәнді оқыту мақсаты

Студенттерді оқу процесінде STEM оқыту технологиясын қолдануға дайындау, оларға STEM оқытудың әртүрлі нысандары мен әдістерін тәжірибеде қолдануды үйрету, STEM іс-әрекетін оқу үдерісіне кіріктіру.

Оқыту нәтижелері

ON5 Оқу үрдісінде пәнішілік және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру, математикалық білімді әртүрлі формада түсіндіру.

ON4 Жоғары математиканың теориялық және әдістемелік курсының есептерін талдау және шешу, қазіргі мектеп жағдайында сабақ өткізу барысында әртүрлі әдістемемен тәсілдерді қолданып, педагогика саласындағы негізгі білімдерін көрсету.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. STEM білім беру формалары мен әдістерін салыстыру және сипаттау;
2. STEM білім беруде әртүрлі оқыту технологияларын қолдану;
3. STEM іс-шараларын оқыту үдерісіне біріктіруді ұйымдастыру және өткізу.

Пререквизиттер

Математиканы оқыту теориясы мен әдістемесі

Постреквизиттер

Педагогикалық практика

Электрондық білім беру ресурстары

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Бұл пән студенттерді электрондық білім беру ресурстарының мүмкіндіктерімен, олардың түрлерімен және болашақ кәсіптік қызметінде оқу құралы ретінде де, оқу үдерісін басқару ретінде де пайдалану ерекшеліктерімен таныстыруға бағытталған. Сондай-ақ, пәнді оқу барысында студенттер заманауи құралдарды пайдалана отырып, өз мамандығы бойынша білім беру ресурстарын әзірлеудің практикалық дағдыларын және олардың негізінде оқу қызметін ұйымдастыру әдістемесін меңгереді.

Пәнді оқыту мақсаты

Педагогтың болашақ кәсіби қызметінде әртүрлі электрондық білім беру ресурстарын әзірлеу және пайдалану саласында жүйеленген білімді қалыптастыру

Оқыту нәтижелері

ON5 Оқу үрдісінде пәнішілік және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру, математикалық білімді әртүрлі формада түсіндіру.
ON4 Жоғары математиканың теориялық және әдістемелік курсының есептерін талдау және шешу, қазіргі мектеп жағдайында сабақ өткізу барысында әртүрлі әдістемемен тәсілдерді қолданып, педагогика саласындағы негізгі білімдерін көрсету.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- web-беттердің құрылымын жобалау технологиясына ие болады;
- программалау арқылы веб-сайт құру технологиясына ие болады;
- веб-әзірлеуде қолданылатын заманауи әзірлеу құралдары мен бағдарламалық шешімдерді, әдістер мен үлгілерді пайдалану.

Пререквизиттер

Математиканы оқыту теориясы мен әдістемесі

Постреквизиттер

Педагогикалық практика

Бейінді мектептегі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оқыту

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән бейіндік мектептерде сабақ жүргізу үрдісінде қазіргі заманғы ақпараттық, коммуникациялық және білім беру технологияларын қолдану ерекшеліктерін оқытуға арналған. Пән мазмұнында жалпы білім беру жүйесінде заманауи ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдану әдістемесі қарастырылады. Бейіндік мектеп бағдарламасына сәйкес АКТ саласындағы теориялық білімді практикалық тұрғыдан пайдалануды үйретуге бағытталған. Пән бойынша оқыту тиімділігін арттыру үшін әртүрлі педагогикалық тәсілдерді тиімді таңдай білуді меңгереді.

Пәнді оқыту мақсаты

Бейіндік мектепте сабақ өткізу кезінде қазіргі заманғы ақпараттық, коммуникативтік және білім беру технологиялары саласында білім алушылардың біліктері мен дағдыларын қалыптастыру.

Оқыту нәтижелері

ON2 Оқушылардың жеке, физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту мен критериялды бағалаудың заманауи технологияларын қолдану.

ON4 Жоғары математиканың теориялық және әдістемелік курсының есептерін талдау және шешу, қазіргі мектеп жағдайында сабақ өткізу барысында әртүрлі әдістемемен тәсілдерді қолданып, педагогика саласындағы негізгі білімдерін көрсету.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- АКТ негізгі түсініктері мен анықтамаларын, АКТ көмегімен шешілетін әртүрлі пәндерді оқытудағы негізгі дидактикалық міндеттерді, бейіндік мектепте оқу процесінде компьютерді қолданудың әдістемелік және дидактикалық мүмкіндіктерін білу;
- білім беру процесінің әртүрлі кезеңдерінде АКТ-ны дәстүрлі оқыту түрлерімен үйлестіре білу;
- бейіндік мектепте пәндерді оқыту кезінде көрнекілік қағидатын іске асыру үшін ЦББР қолдану.

Пререквизиттер

Математика және информатика мұғалімі мамандығына кіріспе

Постреквизиттер

Педагогикалық практика

Оқу үрдісінде АКТ-ды қолданудың әдістемесі

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән білім алушылардың қазіргі заманғы ақпараттық, коммуникативтік және білім беру технологиялары саласында біліктіліктері мен дағдыларын қалыптастыру үшін оқытуға бағытталған. Пәнді оқыту барысында педагогикалық қызметте АКТ-ды қолдану жолдары мен ерекшеліктері баяндалып, педагогикалық мәселелерді АКТ заманауи құралдарымен шешу әдістері ұсынылады. Білім алушылар болашақ қызметінде жүргізетін пәні бойынша оқыту тиімділігін арттыру мақсатымен АКТ құралдары мен әдістерін пайдалануды меңгереді.

Пәнді оқыту мақсаты

Білім алушылардың қазіргі заманғы ақпараттық, коммуникативтік және білім беру технологиялары саласындағы біліктері мен дағдыларын қалыптастыру.

Оқыту нәтижелері

ON2 Оқушылардың жеке, физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту мен критериялды бағалаудың заманауи технологияларын қолдану.

ON4 Жоғары математиканың теориялық және әдістемелік курсының есептерін талдау және шешу, қазіргі мектеп жағдайында сабақ өткізу барысында әртүрлі әдістемемен тәсілдерді қолданып, педагогика саласындағы негізгі білімдерін көрсету.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- оқу процесінде компьютерді қолданудың әдістемелік және дидактикалық мүмкіндіктерін, оқыту процесіне цифрлық білім беру ресурстарын енгізуді көздейтін педагогикалық технологияларды, сабақ өткізудің әртүрлі кезеңдерінде электрондық оқыту ресурстарын пайдалану тәсілдерін білу;

- ЦББР және педагогикалық жобалау әдістерін пайдалана отырып, әртүрлі оқу сабақтарын үлгілей білу, ЦББР пайдалана отырып, оқу сабағына әдістемелік сипаттама беру;

- оқушыларды пәнді оқыту кезінде алған біліктілігіне сәйкес болашақ кәсіби қызметінде АКТ пайдалану әдістемесін меңгеру.

Пререквизиттер

Математика және информатика мұғалімі мамандығына кіріспе

Постреквизиттер

Педагогикалық практика

Информатиканы оқыту әдістемесі

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пәнді оқытуда мектептегі информатиканы оқыту әдістемесінің жалпы мәселелері қарастырылады. Білім алушылар компьютер білімі, программалаудың негіздерін және алгоритмдік тілдерді оқыту әдістемесі, компьютерде есептерді шешудің ортақ әдістемесін меңгеріп, оқу барысындағы есептеуші техника, дербес компьютері бар қарым-қатынастың құралдарымен жұмыс істеуді үйренеді. Пәнді оқыту білім алушылардың информатикалық әдістемелік іскерліктерін қалыптастырып, компьютерлік сауаттылықтарын дамытуға бағытталады.

Пәнді оқыту мақсаты

Информатика пәнінің спецификасын ескере отырып оқушыларды оқыта және тәрбиелей алатын, жеке тұлғаның жалпы мәдениетін дамыта алатын; кәсіби оқыту программаларын саналы түрде таңдай алатын және оны кейін өз мақсатына қолдана алатын; оқытудың әртүрлі әдістері мен тәсілдерін қолдана алатын; оқушылардың дайындық деңгейін қамтамасыз ете алатын орта оқу орындарындағы информатика мұғалімін даярлау.

Оқыту нәтижелері

ON2 Оқушылардың жеке, физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту мен критериялды бағалаудың заманауи технологияларын қолдану.

ON4 Жоғары математиканың теориялық және әдістемелік курсының есептерін талдау және шешу, қазіргі мектеп жағдайында сабақ өткізу барысында әртүрлі әдістемемен тәсілдерді қолданып, педагогика саласындағы негізгі білімдерін көрсету.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- мектептегі информатика курсының тақырыптары мен ұғымдарына логикалық-дидактикалық талдау жасай білу, мектептегі информатика курсының негізгі тақырыптары мен ұғымдарын зерделеуге мақсат қою;

- мектептегі информатика курсының тақырыптары мен түсініктерін зерттеудің тәсілдерін, ұйымдастырушылық формалары мен құралдарын таңдау дағдылары болу;

- информатика пәнінен сабақ конспектісін құрастыру және сабақты талдау білігін көрсету.

Пререквизиттер

Математика және информатика мұғалімі мамандығына кіріспе

Постреквизиттер

Педагогикалық практика

Java тілінде программалау

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пәнді оқу барысында студенттер Java тілінде программалау негіздерін меңгереді, бағдарламаның құрылымымен, тілдің алфавитімен және деректер түрлерімен танысады, арифметикалық және разрядтық операторлармен жұмыс істеу негіздерін меңгереді. Білім алушылар күрделілігі әртүрлі алгоритмдерді жазуды, массивтермен жұмыс істеуді, бағдарламалауда әдістер мен объектілерді пайдалануды, ішкі бағдарламаларды құруды үйренеді, сонымен қатар оператордың шамадан тыс жүктелуін және рекурсивті функцияларды меңгереді.

Пәнді оқыту мақсаты

Пәнін меңгерудің мақсаты Java-ның қазіргі объектіге бағытталған бағдарламалау тілі туралы білім алу және бағдарламалаудың негізгі тәсілдерін меңгеру, Java тілінде бағдарламаларды әзірлеудің практикалық дағдыларын алу болып табылады.

Оқыту нәтижелері

ON6 Информатиканың арнайы бөлімдерінің негізгі әдістерін, мектеп информатика курсының теориясы мен әдістемесін меңгеру және қолдану.

ON7 Логикалық аргументтер, гипотезалар мен қатаң дәлелдер құру, заманауи бағдарламалау құралдары мен технологияларын

қолдану арқылы бағдарламалық пакеттер мен мәліметтер базасының компоненттерін жасау.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Java технологиясына қатысты терминдер мен ұғымдарды қолдану;
2. Java тілінде негізгі әдістер мен бағдарламалау құралдарын қолдану;
3. Java программалау технологиясын қолданып практикалық есептерді шешу.

Пререквизиттер

Python тілінде программалау

Постреквизиттер

Python тілінде нысанды-бағдарланған программалау Java тілінде нысанды-бағдарланған программалау

C# тілінде программалау

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Бұл пән C# тілінде бағдарламалаудың негізгі принциптерін, технологияларын, құрылымдарын және модельдерін оқуға мүмкіндік береді. Студенттер объектілі-бағытталған бағдарламалау тілдерінің негізгі түсінігін, объектілердің қасиеттерін, әдістерін және айнымалыларын меңгереді, қайта пайдалануға болатын бағдарлама модульдерін, соның ішінде байланысты деректер мен процедураларды құруды қарастырады. Пәннің практикалық бөлімі C# жоғары деңгейлі объектілі-бағытталған бағдарламалау тілінің мүмкіндіктерін пайдалана отырып, бағдарламалар жасау дағдыларын дамытуға бағытталған.

Пәнді оқыту мақсаты

Бағдарламалау ортасының консольдік қосымшасын қолдана отырып, Жүйелік бағдарламалау негіздерін үйрену Visual.Studio.NET. Windows операциялық жүйесінің Жүйелік бағдарламалау технологиясы, оның алғашқы нұсқасынан бастап, Win32 API-нің барлық функцияларын анықтайтын динамикалық қосылатын кітапханаларды пайдалануға негізделген.

Оқыту нәтижелері

ON6 Информатиканың арнайы бөлімдерінің негізгі әдістерін, мектеп информатика курсының теориясы мен әдістемесін меңгеру және қолдану.

ON7 Логикалық аргументтер, гипотезалар мен қатаң дәлелдер құру, заманауи бағдарламалау құралдары мен технологияларын қолдану арқылы бағдарламалық пакеттер мен мәліметтер базасының компоненттерін жасау.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. C# тілінде бағдарламалар жасау;
2. Бағдарламаны шолу және бағдарлама үлгілерін бағалау;
3. Объектілі-бағытталған программалау әдістерін меңгеру және объектілі-бағытталған программалауды қолдана отырып, бағдарламалар жасау.

Пререквизиттер

Python тілінде программалау

Постреквизиттер

Python тілінде нысанды-бағдарланған программалау C++/C# тілінде нысанды-бағдарланған программалау

C++ тілінде программалау

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән жоғары деңгейлі C++ тілінде программалаудың негізгі принциптерін қалыптастырады, бағдарламалау тілінің әдістемесі туралы білім береді. Оқыту барысында консольдік бағдарламаларды жазу, кодтау және кодты оңтайландырудың практикалық дағдылары қалыптасады. Пәнді оқу C++ бағдарламалау тілінде есептерді шешу алгоритмдерін дайындау және бағдарламалық кодтарды жазу саласында шарлауға мүмкіндік беретін теориялық білім мен практикалық дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Пәнді оқыту мақсаты

Әмбебап құзыреттілікті дамыту үшін негіз және кәсіби құзыреттілікті дамыту үшін негіз ретінде бағдарламалау әдістері және C++ бағдарламалау тілінің ерекшеліктері туралы жүйеленген білімді қалыптастыру.

Оқыту нәтижелері

ON6 Информатиканың арнайы бөлімдерінің негізгі әдістерін, мектеп информатика курсының теориясы мен әдістемесін меңгеру және қолдану.

ON7 Логикалық аргументтер, гипотезалар мен қатаң дәлелдер құру, заманауи бағдарламалау құралдары мен технологияларын қолдану арқылы бағдарламалық пакеттер мен мәліметтер базасының компоненттерін жасау.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. C++ тілі туралы негізгі ұғымдар мен мәліметтерді, C++ тілінде программалау әдістерін қолдану;
2. Сандық және мәтіндік ақпаратты өңдеуге арналған C++ тілінде бағдарламалар жасау;
3. C++ тілінде бағдарламалаудың негізгі мүмкіндіктері мен әдістемелерін, соның ішінде кәсіби қызметке байланысты мәселелерді шешу кезінде қолдану.

Пререквизиттер

Python тілінде программалау

Постреквизиттер

Python тілінде нысанды-бағдарланған программалау

Математикалық есептерді шешу практикумы

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пәнді оқып-үйрену барысында болашақ математика пәнінен сабақ беретін мұғалімдердің студенттердің нақты білімдерін, практикалық дағдыларын қалыптастырумен оны үздіксіз тексеру және олардың педагогикалық-кәсіби ой-өрісінің дамуына көмектесу болып табылады. Курс барысында студенттердің рационал және иррационал өрнектерді түрлендіру; көрсеткіштік-логарифмдік өрнектерді түрлендіру; теңсіздіктерді дәлелдеу; тригонометриялық өрнектерді түрлендіру; тақырыптарына есептер шешу дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Пәнді оқыту мақсаты

Болашақ мұғалімді мектеп математикасын оқытуда нақты біліммен қаруландыру, оқушының педагогикалық ой өрісін кеңейту, математикалық әрекетті ұйымдастырудың формалары мен әдістері туралы, олардың математикалық ойлауын дамыту туралы жалпы ережелерді дұрыс меңгеруге көмектесу.

Оқыту нәтижелері

ON5 Оқу үрдісінде пәнішілік және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру, математикалық білімді әртүрлі формада түсіндіру.
ON4 Жоғары математиканың теориялық және әдістемелік курсының есептерін талдау және шешу, қазіргі мектеп жағдайында сабақ өткізу барысында әртүрлі әдістемемен тәсілдерді қолданып, педагогика саласындағы негізгі білімдерін көрсету.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- мектеп курсының математикалық есептерін шешудің практикалық дағдыларын меңгеру;
- стандартты және стандартты емес есептерді шеше білу;
- мектептің математикалық есептерін шешудің әдіс-тәсілдерін қолдану.

Пререквизиттер

Элементар математика

Постреквизиттер

Өндірістік (педагогикалық)

Тригонометриялық есептерді шешу практикумы

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Білім алушыларды математика және алгебра курсына тригонометриялық есептерді шешу әдістерін жүйелеуге үйретеді. Өз бетімен тригонометриялық есептерді шешу әдістерін үйренуге баулиды. Тригонометриялық түрлендірулерге арналған есептерді шешу дағдыларын дамытады. Студенттердің әртүрлі тапсырмаларды шешу жолдарын табу дағдыларын қалыптастырады. Күрделі тригонометриялық есептеулер жүргізе білуге үйретеді. Тригонометриялық өрнектер арқылы шығарылатын геометриялық есептердің мағынасын түсінуге, жаратылыстану пәндерінде қолданылатын тригонометриялық есептер практикумы шығарға дағдыландырады. Зерттеу нәтижелерін талдауда тригонометриялық функция және оның графигін қолдану тәжірибесін қалыптастырады.

Пәнді оқыту мақсаты

Тригонометриялық есептердің генезисімен байланысты қолданыстағы теорияларды зерттеу.

Оқыту нәтижелері

ON5 Оқу үрдісінде пәнішілік және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру, математикалық білімді әртүрлі формада түсіндіру.
ON4 Жоғары математиканың теориялық және әдістемелік курсының есептерін талдау және шешу, қазіргі мектеп жағдайында сабақ өткізу барысында әртүрлі әдістемемен тәсілдерді қолданып, педагогика саласындағы негізгі білімдерін көрсету.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- тригонометриялық есептерді шығару құрылымын құру
- тригонометрия курсына оқыту жұмысының алгоритмін құру
- дәлелдеулерді сауатты тұжырымдау

Пререквизиттер

Элементар математика

Постреквизиттер

Өндірістік (педагогикалық)

Параметрлі теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курстың бағдарламасы студенттердің теориялық білімін нығайтып, математикалық заңдылықтарды терең біліп, дәлелдей алуға, өздігінен іздендіру арқылы шығармашылық дамуын шыңдау мақсатында құрылған.

Бағдарлама бойынша параметр ібар сызықтық теңдеулер мен теңсіздіктерді, теңдеулер мен теңсіздіктерді, бөлшек-рационал теңдеулер мен теңсіздіктерді, рационал теңдеулер мен теңсіздіктерді, иррационал теңдеулер мен теңсіздіктерді, параметрі бар тригонометриялық теңдеулер мен теңсіздіктерді, көрсеткіштік теңдеулер мен теңсіздіктерді, логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу арқылы математикадан терең білім алуға мүмкіндігі мол.

Пәнді оқыту мақсаты

Курстың мақсаты студенттердің математикалық есептердің параметрлік теңдеулері мен теңсіздіктерін шешудің практикалық

біліктері мен дағдыларын қалыптастыру;

Оқыту нәтижелері

ON5 Оқу үрдісінде пәнішілік және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру, математикалық білімді әртүрлі формада түсіндіру.

ON4 Жоғары математиканың теориялық және әдістемелік курсының есептерін талдау және шешу, қазіргі мектеп жағдайында сабақ өткізу барысында әртүрлі әдістемемен тәсілдерді қолданып, педагогика саласындағы негізгі білімдерін көрсету.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- мектеп курсына қатысты қиындатылған мәтінді есептердің шешу әдістерін қолдана білу
- әрбір рұқсат етілген параметр мәндер жүйесі үшін тиісті шешімдер жиынтығын анықтау;
